

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК
ТОЛЫҚ ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРІЛЕДІ

2

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ҚАЗАҚ БҮГІН
БАҚЫТТЫ

10

#ЕКПЕАЛ

2021 жылғы 24 желтоқсандағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 043 094

II компонентпен
1 004 601

адам вакцина салдырды

2021 жылғы 24 желтоқсандағы
мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **8 931 073** адам,
II компонентпен **8 432 936** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.12.2021

Түнде:



0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

26.12.2021

Түнде:



0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2+4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

Дәстүрлі жаңажылдық мереке балаларды қуанышқа бөледі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Жаңа жыл қарсаңында Алматыдағы SOS балалар ауылы мен «Жанұя» арнайы кешенінде Президент шыршасы өтіп, балаларды мерекелік қуаныш пен шапағатқа бөледі. Қалыптасқан игі дәстүр бойынша жаңажылдық қойылымдарға қатысушы балалар шырша шамдарын жағып, Аяз Ата мен Ақшақарға тілектерін білдірді.

4

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Жандарбек БЕКШИН,
Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері:

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТТИ КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

COVID-19 -дың «омикрон» штаммының қаупі үлкен.
Сондықтан алматылықтарға жаппай вакциналану қажет.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында шаһардың бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин айтты. Жаңажылдық мерекелердің жақындауына байланысты Ж.Бекшин адам көп жиналатын орындарға, банкеттерге бармауға, мерекені отбасымен ғана атап өтуге кеңес береді.

3

ҚЫСҚА...

- Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада осыдан 1000 жыл бұрын араб тілінен көне түркі тіліне аударылған Құран кітап таныстырылды.
- Елімізде 2023 жылдан бастап үй жануарлары міндетті түрде есепке алынады.
- Қазақстан жастары арасындағы басты құндылық – отбасы, екінші орында – денсаулық, үшінші орында – достық екені анықталды.
- Алматыда ашылған тегін заң көмегін көрсету орталығы 2022 жылдың желтоқсан айына дейін жұмыс істейді.
- Қалада дзюдо, таэквондо, спорттық және көркем гимнастика бойынша мектеп оқушыларына тегін сабақ беретін спортзал ашылды.
- Пәтерлерде газ баллондарын пайдаланатын алматылықтарға айыппұл салынады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТИ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК ТОЛЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның бесінші отырысы өтті

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның кезекті отырысын өткізді. Отырыста саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесі, кіші комиссиялары, жұмыс топтары және өңірлік филиалдарының биылғы атқарған қызметінің негізгі қорытындылары қарастырылып, 2022 жылға арналған жұмыстың басым бағыттары айқындалды.

Жиын барысында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғазов және басқалар баяндама жасады.

Сондай-ақ, Бас прокурор Ғизат Нұрәулетов, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев және Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Нұрғали Білісбеков жабық қорларда жүргізілген жұмыстар туралы баяндады.

Онлайн және офлайн форматта өткен алқалы жиында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру бойынша Алматыда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Қалалық бюджеттен 53 млн. 550 мың теңге бөлінді

Шаһар басшысы атап өткендей, комиссияның қызметіне қажетті қаржы бөлініп, тиісті келісімшарттар жасалып, осы кезең аясында ауқымды жұмыстар атқарылған. Маусым айынан желтоқсанға дейін комиссияны қаржыландыруға қалалық бюджеттен **53 млн. 550 мың** теңге бөлінген. Ал келесі жылға бұл мақсаттарға **82 млн. 800 мың** теңге қарастырылып отыр.

Бақытжан Сағынтаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша ғалымдардың мақалалар жинағын басып шығаруға **1 млн. 400 мың теңге** көлемінде қаржылық қолдау көрсетілгеніне тоқталды. Комиссия өз жұмысын бастағалы бері оның **5 отырысы, 12** оқыту онлайн-семинары, зерттеу топтарының алгоритмдері мен жұмыс әдістемесін жасау жөнінде **18** ұйымдастыру мәжілістері өткізілген.

– *Комиссия құрамына және жұмыс тобына енген зерттеушілердің өнімді жұмыс істеуіне толық жағдай жасалды. Барлық мемлекеттік және қалалық архивтерге, соның ішінде Алматы қаласының ҰҚКД, Прокуратура, Полиция департаментінің арнайы архивтерінде жұмыс істеуге рұқсат беру мәселесі шешілді. Арнайы жұмыс кабинеті бөлініп, қажетті құралдармен жабдықталды. Тұрғындардан ақпарат жинау мақсатында «Алматы қаласының Орталық қалалық архиві» КММ базасында «сенім телефоны» қойылып, қала тұрғындарымен сауалнама және кері байланыс ұйымдастырылды. Қала тұрғындарынан «Сенім телефонына» қуғын-сүргінге ұшыраған туыстары туралы ақпарат іздеген 100-ден астам қоңырау келіп түсті,* – деді Бақытжан Сағынтаев.

«Ашаршылық ақиқаты»

Спикер мәлімдегендей, ағымдағы кезеңде комиссия мүшелерінің қатысуымен «Ашаршылық ақиқаты. Арнайы жоба» атты деректі фильм түсірілген. Қалалық және республикалық баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, атап айтқанда: «Хабар», «Қазақстан», «Алматы», «КТК» телеарналарында, «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Almaty akshamy», «Вечерний Almaty», «Қазақ газеті», «Ана тілі», «Аргументы и факты» және т.б. газеттерде аталмыш тақырыпта **55-тен** астам жарияланым жарық көрген. Осы кезеңде жұмыс топтарының мүшелері Мәскеудегі Ресей Федерациясының мемлекеттік архивіне, Уфа, Самара қалаларының архивтерін, облыстық, қалалық архивтерге **12** археографиялық экспедицияларды ұйымдастырды.

Бұдан бөлек, Нұр-Сұлтан қаласының архив және музей қорларымен, Ақмола облысының саяси қуғын-сүргін және «Алжир» мемориалдық-музей кешенінің қорларымен бірлескен жұмыстар жүргізілген. Саяси қуғын-сүргін кезеңінің нормативтік құжаттары (ІІХК-ның 1941-1950 жылдардағы бұйрықтары) алынып, М.Әуезов, А.Панкратова, Б.Сүлейменов және т.б. белгілі тұлғалардың эпистолярлық мұралары зерде-

ленді. Осылайша еліміздің өзге өңірлеріндегі комиссиялармен тұрақты жұмыстар қолға алынып, облыстардан түсетін сұраулар бойынша ақпарат алмасу мәселесі жақсы жолға қойылған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді

Қала әкімі республикалық комиссия құрамындағы ғалымдармен де тығыз байланыс орнатылып, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын да тілге тиек етті. Комиссия шетелдік елшіліктермен және қоғамдық ұйымдармен өзара тығыз байланыс жасап, жұмыс жүргізуде. Соның нәтижесінде комиссияға неміс азаматтарынан ақтау бойынша 400-ден аса сұраулар келіп түскен.

Ағымдағы кезеңде қалалық комиссияның ғылыми және баспа қызметін ұйымдастыру мақсатында **4 ғылыми құжат жинағы**, оның ішінде – 1920–1930 жылдардағы ашаршылық

туралы **2** оқулық және оқу құралдары, ғылыми мақалалар жарияланғанын айта кеткен жөн.

Биыл 2500-ден астам іс сараптамадан өтті

Шаһар басшысы отбасылық архивтерді зерттеу және естеліктер жазып алу мақсатында комиссия мүшелерінен және студент жастардан еріктілер тобы құрылғанын айтты. Еріктілердің қатысуымен қуғын-сүргінге ұшырағандардың Алматы қаласында тұратын туыстары мен жақындары анықталып, олармен байланыс орнатылған. Жұмыс барысында Қазақстанға еріксіз көшірілген этнос өкілдерінің тағдырына да баса назар аударылды. Әсіресе, отбасылық суреттер, тізімдер мен тарихи естеліктер ерекше қызығушылық тудырған. Жүйелі жұмыс барысында мәжбүрлеп көшірілген **600-ден аса кәріс ұлтының өкілдері** анықталған. Олардың ішінен құқықтық тұрғыда **202-сінің** ғана әр жылдары ақталғандығы белгілі болды.

– *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның қажырлы жұмысының нәтижесінде 2021 жылы 2500-ден астам іс сараптамадан өтті. Қазақстан мен Ресей Федерациясының мұрағаттарынан саяси қуғын-сүргін құрбаны бола тұра ақталмаған 652 адам анықталды. Аталған тізім ҚР Бас Прокуратурасына жолданды,* – деді қала әкімі.

Басты бағдарлар айқындалды

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссияның аталған бағытта **2022 жылға ауқымды жұмыс жоспары, басты бағдарлар** әзірленгенін қадап айтып, алдағы жылға жоспарланған басым бағыттармен сөзін қорытындылады.



КЕРЕК ДЕРЕК

ТОП САНАТТАРЫ БОЙЫНША:

№1 топ. «372 көтерілісті басу кезінде сотсыз немесе тергеусіз атылған, сондай-ақ қатысқаны және қолдағаны үшін соттан тыс және сот органдары тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарын ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **26 адам;**

№2 топ. «Қазақстанға күштеп депортацияланған халықтардың және арнайы қоныстанушылардың ақталмаған құрбандары» – **43 адам;**

№3 топ. «Қуғын-сүргінге ұшыраған байларды, кулактарды, жартылай феодалдарды (орташаларды) және шаруаларды ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **55 адам;**

№4 топ. «1916–1930 ж.ж. мемлекеттің жазалаушылық әрекеттері мен биліктің саяси қуғын-сүргін кезіндегі түрлі зорлық-зомбылық саяси науқандар мен аштық кезінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **128 адам;**

№5 топ. «Большевиктік-сталиндік биліктің шаруаларға қатысты күштеп ұжымдастыру, астық-ет дайындау және т.б. саяси науқандарының құрбандарын ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **24 адам;**

№6 топ. «НКВД ГУЛАГ-тың 26 лагерінде отырып, ақталмаған қазақстандықтар, зиялылар, құрбандар мен жапа шеккендер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін ақтау бойынша ұсыныстарды дайындау» – **110 адам;**

№7 топ. «Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке-дара күрескен халықтың (адамдар тобының), қоғамдық және саяси ұйымдардың, сондай-ақ қызметтік, ғылыми, мәдени және басқа да салаларда осы идеялары үшін мемлекеттік қудалауға және осы саяси идеялары үшін қуғын-сүргінге ұшыраған жеке адамдарды толық заңдық және саяси тұрғыдан ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **40 адам;**

№8 топ. «1939–1945 жылдары фашистік Германиядағы, Финляндиядағы және басқа да Еуропа елдеріндегі қазақстандық әскери тұтқындарды, уақытша Түркістан легионында болған қазақстандық тұтқындарды ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **80 адам;**

№9 топ. «Саяси қуғын-сүргін құрбандары болған дәстүрлі дін өкілдерін ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу» – **146 адам.**

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. 2021 жылғы 8 ақпанда оңтүстік мегаполис басшысының қаулысы қабылданып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссия құрамы бекітілді. Оның құрамында 38 адам бар. Олар: жетекші ғалымдар, тарихшылар, архивтер мен ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің өкілдері және т.б. Сонымен бірге, қалалық комиссия жанынан 51 адамнан тұратын 9 жұмыс тобы жұмыс істеуде, олардың 70% -ы ғылым докторлары, кандидаттар және PhD докторлар.

Олар:

1. 2022 жылы қуғын-сүргінге ұшырағандардың **8** санатын зерттеу жұмысы жоспарлануда: тергеушілер, тұтқындар, арнайы қоныстанушылар, еңбек армиясындағылар, 1920–1930 жылдардың ортасындағы сайлау құқығынан айырылған азаматтар, қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасы мүшелерін қудалау бойынша;

2. **1939–1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да** Еуропа елдеріне тұтқынға түскен қазақстандық әскери тұтқындардың, сондай-ақ, Түркістан легионында болған қазақстандық әскери тұтқындардың материалдарын зерттеу, Алаш-Орда қайраткерлерін ақтау;

3. КСРО Прокуратурасының 1953–1991 ж.ж. Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат істері бойынша қадағалау өндірісінің істерін сараптау;

4. Ақтауға рұқсат етілмеген адамдарды анықтау мақсатында КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 жылғы 14 тамыздағы Жарлығымен құрылған Жоғарғы, облыстық соттардың құрамындағы төралқалардың материалдарын зерделеу;

5. Іздестіру жұмыстары барысында анықталған әртүрлі санаттағы **2 мыңнан** астам мұрағаттық тергеу істеріне тарихи баға беру;

6. **8 археографиялық экспедиция** ұйымдастыру, оның ішінде Ресей Федерациясының архивіне (Мәскеу қ.), Нұр-Сұлтан, Талдықорған қалаларының архивтеріне бару;

7. **50-ден** астам ғылыми мақала, **3** монография жариялау, «кездесулер», «дөңгелек үстелдер», конференциялар өткізу жоспарлануда;

8. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының жаңа тізімдерін анықтау және оларды саяси ақтау жөніндегі зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында семинарлар, мәжілістер ұйымдастыру;

9. Қалалық электрондық және бұқаралық ақпарат құралдарында қалалық комиссия қызметін кеңінен насихаттайтын ақпараттар жариялау.

Жиында саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы базасын және Мемлекеттік комиссия құрылымдарының қызметі туралы ақпараттарды қамтитын Мемлекеттік комиссияның электрондық порталы таныстырылды.

«Almaty akshamy» осынау маңызды да қастерлі іс-шараны қолға алған комиссияның алғашқы отырысы туралы жарияланымның Мемлекеттік комиссия төрағасы Қырымбек Көшербаевқа сілтеме жасап хабарлағандай, Мемлекеттік комиссияның басты міндеті – кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру екенін атап өтті.

Материалдарға жан-жақты әрі кешенді зерделеу жүргізілгеннен кейін, халықаралық тәсілдер мен стандарттар негізінде толықтай заңды, ал жекелеген санаттарға қатысты – қуғын-сүргін құрбандарын саяси ақтау жоспарланып отыр.

Басқосу қорытындысы бойынша Үкіметке, орталық және жергілікті атқару, құқық қорғау органдарының басшыларына 2022 жылға арналған жұмыстың басым бағыттары бойынша, атап айтқанда, жинақталған архив материалын талдамалық және сараптамалық бағалауды ұйымдастыру, аймақтарда зерттеу жұмысын қамтамасыз ету және Мемлекеттік комиссияның баспа қызметін кеңейту жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Т. ДЕРЫСАЛИН.



● NUR OTAN

Өңірлер арасында көшбасшы Алматыда Nur Otan-ның екі жаңа ғимараты ашылды



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Nur Otan партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы, мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ашылған партияның аудандық филиалдарының жаңа ғимараттарында болды.

Әуезов ауданындағы партия филиалы Шалапин көшесіндегі жаңа ғимаратта орналасқан. Бақытжан Сағынтаев филиалдың кең бөлмелерін аралап шықты. Мұнда мәжіліс залы және жұмыс кабинеттері бар.

Тағы бір филиал Наурызбай ауданының әкімшілік орталығында ашылды. Жақын маңда демалыс саябағы бар, мектептер мен тұрғын үй кешендері салынуда. Ғимаратта жұмыс істеу және қалалықтарды қабылдау үшін барлық жағдайлар жасалған.

Партияның Алматы қалалық филиалы бастауыш партия ұйымдарының саны бойынша ел өңірлері арасында көшбасшы болып табылады. Сонымен қатар, Nur Otan партиясының қалалық филиалына биыл азаматтардың барлық санаттарынан 8000-нан астам өтініш келіп түсті, олардың 70%-ы оң шешімін тапты.

● ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Ұжымдық иммунитетті көтеру маңызды

Соңы. Басы 1-бетте.

Спикер қазіргі уақытта Алматы қаласында КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты екенін айтты. Бір күнде ковид жұқтырған 30–35 адам тіркеледі. Бірақ бұл босансуға, бейжай болуға себеп емес. Коронавирустың жаңа штаммы әлемді әбгерге салып жатқанда, қамсыз болмаған абзал. Жылдап таралатын «омикрон» бүгінде 106 мемлекетте тіркеліп отыр. Тіпті, ұжымдық иммунитеттің жоғары көрсеткішімен мақтана алатын елдерде де анықталған. Сондықтан мамандар жаңа штаммнан толыққанды қорғану үшін вакцинаның толық курсына алу қажет деп отыр. Яғни ревакцина ұсынылады.

Алматының бас санитарлық дәрігері мегаполистегі ұжымдық иммунитеттің деңгейі 58,4%-ды құрайтынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, адамдар вакциналанбаған жағдайда, мегаполисте мутацияланған штамдардың пайда болу қаупі артуы мүмкін екендігін де атап өтті.

Брифинг барысында Ж.Бекшин эпидемиологиялық орта мерзімді болжамын алға тартты. Спикердің сөзіне сүйенсек, 2022 жылдың қаңтар айының ортасында «дельта» нұсқасымен орнын ауыстыра бастайтын «омикрон» күш алуы мүмкін. Ковидтің «бесінші толқынының» шыңы алдағы жылдың наурыз айының ортасында болады. Ревакцинацияны жеделдету мәселесі сондықтан туындап отыр.

Ж.Бекшин қалада шет елден келгендерге қатысты алдын алу іс-шаралары күшейтілгенін хабарлады. Оның мәліметінше, 3–20 желтоқсан аралығында Алматыға 50 мыңға жуық жолаушы келген. Оның ішінде ПТР анықтамалары бар – 29,7 мың, вакциналау паспорты бар – 20 мың (олардың арасында «омикрон» тіркелген елдерден – 2300 жолаушы) келген. Олардың бәрі бір жетілік окшаулануға және медициналық бақылауға жіберілген. Араларынан КВИ-мен ауыратын 5 науқас анықталып, олар инфекциялық стационарға жатқызылған. Айтпақшы, жолаушылардың 90%-ы «омикрон» өршіп тұрған Германия, Египет және Ұлыбританиядан келген.

Нариман ТАБЫНБАЕВ,
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы:

Вакциналардың әлсізі жоқ

Қаладағы вакциналар тиімділігі жағынан Pfizer-ден кем түспейді. Әлемді «жағасынан» алып жатқан «омикрон» бізге де жетуді

мүмкін. Сондықтан мегаполистегі егу науқанының қарқынын арттыру керек.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Н.Табынбаев айтты.

Бүгінде Алматыда 585 700 доза вакцина бар, оның ішінде «Спутник V» – 33 756, QazVac – 50 009, Vero Cell – 223 755 және Pfizer – 277 987.

Ведомство басшысы екпенің индеттің ауыр ағымынан құтылуға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті. «Омикрон» инфекцияның басқа нұсқаларына қарағанда тезірек таралып жатқанын атап өткен спикер тұрғындарды ревакцина алуға шақырды. Әзірге үшінші вакцинаны 45 503 алматылық алған.

«Вакциналану өзінің тиімділігін көрсетті. Ревакциналау науқанын жалғастыру қажет. Бүгінде ақылы вакцина үшін Pfizer препараты жоқ, мен тұрғындарды қолда бар QazVac және Vero Cell вакциналарымен қайта вакциналануға шақырамын, олардың да тиімділігі жоғары», – деп атап өтті Н.Табынбаев.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта инфекциялық стационарларда 131 адам ем қабылдап жатыр. Жалпы, ковид жұқтырған науқастар үшін жабдықталған төсек-орын қорының 12%-ы жұмыс істейді, барлығы 900-ге жуық төсек-орын бар.

Бүгінде МСАК және Телемедицина орталығының мобильді бригадаларының бақылауында 274 пациент бар. Олармен мамандар үй жағдайында байланысып отырады.

Алматыда қазіргі уақытта вакцинаның бірінші компонентін – 1 066 150 адам, екінші компонентті 1 005 246 қала тұрғыны алған. Өткен тәулікте бірінші компонентпен 1700 адам вакциналанды. Pfizer (Comirnaty) компаниясының препаратымен 26 164 адам егілді, оның ішінде 1458-і – жүкті әйел, 5 231-і – бала емізетін ана, ал 19 475-і – жасөспірім.

Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы:

Балалар ауырмасын

Білім беру ұйымдарында санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауда. Барлық балабақша, мектептер мен колледждер Ashuq жобасына қосылған және қажетті мөлшерде дезинфекциялық және антисептикалық құралдармен қамтамасыз етілген.

Бұл туралы баспасөз мәслихаты барысында Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Л.Жылқыбаева айтты. Сондай-ақ, ол да Жаңажылдық мерекелер мен демалыстар да коронавирус индетінің өршуіне жол ашпаса деген тілектен. Сондықтан алматылықтарды вакцина алу қарқынын арттыруға шақырды.

Осы орайда айта кетсек, Алматы мектептерінде қысқы демалыс 2021 жылдың 30 желтоқсанынан басталып, 2022 жылдың 9 қаңтарына дейін жалғасады. Мектепалды даярлық сынып оқушылары мен 1-сынып оқушыларында қыста қосымша 7 күн демалыс болады – 2022 жылғы 7–13 ақпан аралығында.

Колледж студенттері үшін 10 қаңтардан бастап әр түрлі уақытта екі апталық қысқы демалыс қарастырылған.

«Балабақшалар жыл бойы жұмыс істейтінін ескере отырып, қысқы мерекелер қарсаңында біз ата-аналар арасында балаларды бақылау қажеттілігі және олардың денсаулық жағдайы туралы түсіндіру жұмыстарын күшейттеміз. Барлық балабақшада «таңертеңгі сүзгі» жұмыс істейді, ауру және ЖРВИ белгілері бар балалар топтарға жіберілмейді», – деді Л.Жылқыбаева.

Спикердің сөзіне сүйенсек, жыл басынан бері балабақшаларда 122 бала COVID-19-бен ауырған. Ауру балалар анықталған топтарда екі апталық карантин жарияланған.

Л.Жылқыбаева мектептердегі жағдай туралы да тілге тиек етті. Ол атап өткендей, бүгінде оқушылардың 95%-ы офлайн (287 955 адам), ал 5%-ы онлайн оқиды. Күн сайын қашықтан оқыту форматында 15 155 оқушы білім алады. Оқу жылы басталғаннан бері 3869 оқушы коронавируспен ауырған, олардың 2376-ы офлайн оқиды. Науқастар қашықтан оқытуға көшірілді.

Спикер қаланың барлық мектебінде температураны өлшеу, визуалды тексеру, желдету, кварцтау, ылғалды жинау режимдерін сақтау шараларын қоса алғанда, санитарлық талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүзеге асырылатынын да айтты. Мектеп қызметкерлері де 100% вакцина алған.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегаполисте «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында
570 000
көшет отырғызылды.



Жыл басынан бері қалада

7 шақырым
веложол салынды.



Мегаполисте жыл басынан бері
55 000-нан
астам
жұмыс орны құрылды.



Алматы «ақылды қалалар» рейтингінде
еліміздің барлық өңірлері
арасында

1-орында
тұр.



Биыл Алматыда
300
шақырымнан астам
жаңа жол салынып, жөнделді.



● ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

Дәстүрлі жаңажылдық мереке балаларды қуанышқа бөледі

Мемлекет басшысының атынан Алматыдағы балалар мекемелерінің тәрбиеленушілерін Жаңа жылмен Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров құттықтады.

Шаһар басшысының орынбасары «Жанұя» арнайы кешені мен Алматыдағы SOS балалар қалашығында болып, Президент шыршасына қатысты.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Ержан Бабақұмаров ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан балаларға денсаулық, табыс, жақсы достар және тілектерінің орындалуын тіледі. Қалыптасқан жақсы дәстүр бойынша қойылымға қатысушылар жаңажылдық шыршаны жағып, Аяз Ата мен Ақшақарға тілектерін айтты.

350 тәрбиеленушіге арналған «Жанұя» кешені 1999 жылы құрылған. Бұл ата-ана қамқорлығынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі

өрендерге арналған іргелі мекеме. Мұндағы оқыту, тәрбие жұмыстары арнайы бағдарлама бойынша жүргізіледі. Балаларды тәрбиелеп-оқыту жұмыстарына тәжірибелі педагогтар мен психологтар көмектеседі.

Алматыдағы SOS балалар қалашығы 1997 жылы ашылды. Қазір мұндағы 10 отбасылық үйде 65 бала тұрып жатыр. Тағы бес отбасы қалада, «интеграцияланған отбасыларда» бөлек тұрады. Бұл отбасылардағы жеткіншектер де балалар ауылында тұрып жатқан басқа да балалар сияқты мемлекеттік қамқорлық пен қолдауға ие.

Дина БОЛҒАНБАЕВА,
«Жанұя» кешенінің
тәрбиеленушісі:

– Мен өте қуанып тұрмын. Жаңажылдық шыршаға қатысу – менің ізгі арманым еді. Көптеген тапқтар мен әдемі ән дайындадым. Бүгін сол әнді орындадым. Мемлекет басшысына үлкен алғысымды білдіремін. Сыйлықтар да менің ойымнан шығып тұр.

Бауыржан ОРАЗБЕК,
«Жанұя» кешенінің
тәрбиеленушісі:

– Жаңа жылға арнаған жоспарларым өте көп. Суреттер топтамасын арнап, Аяз атаға сыйға тартсам деп едім. Мемлекет басшысына деген алғысым шексіз. Мен әсіресе, велосипедке қуанып тұрмын.

● КЕҢЕС

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ҚАРАЛДЫ

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров «Үміт» үйінің қалалық қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізді

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаровтың төрағалығымен комиссия отырысы өтіп, онда ата-анасыз қалған балаларды қамқорлыққа алудағы өзекті мәселелер қаралды.


Арнайы комиссияның жұмысына Әлеуметтік қызметтер, денсаулық сақтау және білім беру органдарының өкілдері, сондай-ақ Дағдарыс орталығының басшысы З.Байсақова қатысты.

Аталмыш комиссияның негізгі жұмысы өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсетуге бағытталғаны белгілі.

Комиссия жиынына қатысқандар балаларға қолдау шараларын көрсету, соның ішінде құжаттарды рәсімдеу, балабақшаға кезекке қою, балалар мен ата-аналарды медициналық тексеруден өткізу сияқты мәселелерді талқылады.

Қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров «Үміт» үйіне қатысты барлық жағдайларға талдау жүргізуді атап айтты. Сонымен қатар, қиын жағдайға тап болған ата-аналарды жұмысқа орналастырып, оларды қоғамдық өмірге тартуды тапсырды.

● «АҚШАМ» КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ



Батырға құрмет

С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде екі мәрте «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Ратай Сұлтанбековтің құрметіне ескерткіш-тақта қойылды.

Іс-шараның өтуіне Алматы әкімдігі Мәдениет басқармасы мен медициналық университеттің ұжымы мұрындық болды. Мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне батырдың немере інісі Кенішбек Сұлтанбеков, аталған оқу орнының ректоры Талғат Нұрғожин, туыстары Данияр Айтбеков, Сайлау Бөкірұлы, ағайын-тумалары, жақындары қатысты. Бірқатар естеліктер айтылды. Ратай Сұлтанбеков – II Дүниежүзілік соғыста айрықша ерлік көрсеткен тұлға. Ол Украинада әскери оқуда оқып, лейтенант шенін алған. Сөйтіп оны, 21 жасында батальон басқарған. Белоруссияны, Германияны азат етуге қатысқан. Көзсіз ерлік, батырлық, қайсарлық көрсетті. Өзімен бірге майдандас болған Қазақстанның Халық жазушысы Әбу Сәрсенбаев өзінің шығармаларында қайсар оғланның батылдығын, рухты жігіт болғандығын жазып қалдырған. Ол жағы көпке мәлім.

Жиында немере інісі Кенішбек Пәрімбекұлы батырдың өмір-тарихын баяндап берді.

Жиналған ағайын-жекжаттары қазақтың қайсар ұлы, гвардия майоры Ратай Сұлтанбековтің құрметіне Алматыдан көше атауы берілсе деген тілегін білдірді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● БРИФИНГ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өмірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті баспасөз мәслихаты жылыту кезеңіндегі газ жабдығын және тұрмыстағы газ баллондарын қауіпсіз пайдалану мәселелеріне арналды.

Онда Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Александр Рау қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарынан адамдардың зардап шеккені туралы статистика мен мысалдар келтірді.

Спикердің айтуынша, мегаполисте жыл басынан бері тұрмыста газ жабдығын пайдалану кезінде 28 жазатайым оқиға тіркелген. Оның ішінде 17 табиғи газбен улану фактісі орын алған (36 адам зардап шекті, оның ішінде 22 бала, 3 адам қаза тапты), газ-ауа қоспасы жарылуы салдарынан 11 жағдай тіркелген.

Құтқарушылар, әдетте, жазатайым оқиғалар жеке тұрғын үй секторында (22 факт) орын алатынын атап өтті. Газ-ауа қоспасының тағы бір мысалы құрылыс объектісіне, қоғамдық тамақтануға, өндіріске және көппәтерлі тұрғын үйге тиесілі.

ТЖД мәліметінше, Алматыда қатты отынмен жылытылатын 1646 үй және 13 көппәтерлі тұрғын үй бар. Сондай-ақ, тұрмыста газ баллондары қолданылатын 312 көппәтерлі тұрғын үй бар. Бұл, негізінен, қазіргі уақытта тұрғындар жекешелендірген бұрынғы жатақханалар.

ТЖ департаментінің өкілі адамдардың газды абайсыз қолдануы қайғылы жағдайға әкелетіні туралы көптеген мысалдар келтіре отырып, газ баллондары мен газ жабдықтарын осы өнімді өткізуге сертификаттары бар мамандандырылған ұйымдардан ғана сатып алуға шақырды. Ол сондай-ақ, газ жабдығымен өз бетінше іс-қимыл жасауға, тиісті рұқсатсыз газдандыруды жүргізуге, газ аспаптарын жөндеуге және орнын ауыстыруға кездейсоқ адамдарды тартуға тыйым салынатынын, қысқаша айтқанда, жалпы, газбен байланысты жұмыстардың барлық түрлерін мамандандырылған ұйымдар ғана орындауы тиіс екенін айтты.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ
КҮШЕЙТІЛДІ

Алматы құтқарушылары қала тұрғындарын жылыту құралдары мен газ баллондарының жұмысын бақылауға шақырады



АЙЫППҮЛ САЛЫНАДЫ

Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасының мамандары көпқабатты үйлер мен жеке үйлердегі газ баллондарының жарылысының бір себебі, пайдалану ережелерін сақтамауынан екенін жеткізді.

ТЖД-мен бірлескен жұмыстың қорытындысы туралы Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасының лифт, газ және қазандық жабдықтарын бақылау бөлімінің бас маманы Динара Жусанбекова баяндады.

Спикердің айтуынша, биылғы жылдың 11 айында 70-тен астам базар, 78 СОСО және 1160-тан астам қоғамдық тамақтану объектілері тексерілген. Өткен жылы ТКБ қызметкерлері мегаполистің көпқабатты үйлеріндегі газ баллондарын пайдалану бойынша жоспардан тыс 15 тексеру жүргізді. Нәтижесінде 48 мың теңгеден астам айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке 5 тұрғын тартылды. Еске салсақ, ҚР-да көпқабатты тұрғын үйлерде тұрмыстық газ баллондарын сақтауға және пайдалануға тыйым салынған. Осыған орай, пәтерлерде газ баллондарын пайдаланатын алматылықтар айыппұл арқалайтын болады.

ТЕКСЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Бұл туралы Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Әділ Қатубаев мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, қазіргі уақытта газ толтыру пункттері мен автогаз құю станциялары тексеріліп жатыр. Алайда, тыйым салынғанына қарамастан, газ құю станцияларының кейбір иелері отынды тұрмыстық баллондарға пайдалануды жалғастыруда. Сол себепті, сала мамандары газ жабдықтарын пайдалану ережелерін бұзғандарды жазаламақ.

Әділ Қатубаев екі қабаттан астам тұрғын үйлердің пәтерлеріне тұрмыстық баллондарды орналастыруға және пайдалануға тыйым салынатынын, сондай-ақ автогаз құю станцияларында автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды толтыруға қатаң тыйым салынғанын еске салды. Спикер баллондарды АГҚС-та толтыруға тыйым салынғанын, себебі онда салмақтық бақылау жоқ екенін айтты. Баллондар толып кетеді. Ал баллондарды жылы үй-жайға орналастырған кезде газ ұлғаяды, бұл баллондардың жарылуына әкеледі.



ALMATY BUSINESS–2021

Қала экономикасының негізгі қозғаушы күші – кәсіпке, саудаға, шағын және орта бизнеске тиесілі. Ресми деректерге сүйенсек, қалада экономиканың 46,6%-ын қамтамасыз ететін шамамен 196 мың шағын және орта бизнес субъектілері (өсімі – 0,6%) жұмыс істейді.

Әсел
ДАҒЖАН

Шағын және орта бизнес қала экономикасының барлық салаларында бар: қызмет көрсету, сауда, құрылыс және өнеркәсіп. Жыл басынан бері шағын бизнесті несиелеу сала мамандарының айтуынша, 1,4 есеге өскен. Қалалық бағдарламалар бойынша несиелеу бюджеті өткен жылмен салыстырғанда, 55%-ға (49,5 млрд. теңгеге) артқан.

Жұмыспен қамтылғандардың 62,5%-ы (барлық жұмыспен қамтылғандар – 981,4 мың адам) шағын және орта бизнес кәсіпорындарында еңбек етуде. Жыл басынан бері 190 млрд. теңгеден астам несие сомасындағы 1,5 мыңнан астам жоба мақұлданды. Соның нәтижесінде 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Қаланың өнеркәсіп саласы инвесторлар үшін өте тартымды. Қалада Индустриялық аймақ бар. Онда өткен жылы «Hyundai Trans Kazakhstan» жеңіл автомобильдер зауыты, «Asia Steel Pipe Corporation» құбыр өнімдерін шығаратын зауыт салынды. Алматыға жұмыс сапарларының бірінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіл автомобильдер шығаратын «Hyundai Trans Kazakhstan» зауытында болып (суретте), жаңа нысанның ресурстарын жоғары бағалады. «CELKONSAN Stroy» металл қоршаулар шығаратын зауыт және «Panelsan» сэндвич-панельдерін шығаратын зауыттар жобалары пысықталуда. Мегаполистің индустриялық әлеуеті 10 айда 18,9%-ды құраған.



КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ ЗОР

Қазіргі уақытта Алматының Индустриялық аймағына қатысушылардың құрамына «Halavet Gida Sanayiye Ticaret A.S.» түрік компаниясын желатин өндіру зауытын салу жобасымен қосу мәселесі қарастырылуда. Биылғы жылдың 10 айында негізгі капиталға салынған инвестициялар 15% өсіммен 873 (873,7) млрд. теңгеден асты. Жыл басынан бері өнеркәсіпте 18% өсім болған. Бөлшек сауда көлемі 12,7%-ға өсіп, 3,3 трлн. теңгені құраса, көтерме сауда – 2,3%-ға жетіп, 8,7 трлн. теңгеге жеткен. Құрылыста 22,2% өсім болса, жыл басынан бергі инфляция 7,6%-ды құрады.

Шағын және орта бизнесті қолдау үшін «Бизнестің жол картасы–2025», «Қарапайым заттар экономикасы», «Еңбек», «АӨК», «Алматы Бизнес–2025» секілді бағдарламалар іске асырылуда.

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ



- Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар.
- «Qoldau» кәсіпкерлік орталығы – «бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске кеңес беру.



- Жеңілдікпен несие беру қалалық бағдарламаларының бюджеті: 2021 ж. – 49,5 млрд. теңге (55%-ға өсу).

«Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында гранттар беріледі, ал белсенділігі төмен аудандарда ШОБ ынталандыру үшін 5%-бен несие беріледі. Индустриалды аймақта 79,7 млрд. теңге сомасына 17 жоба іске асырылды, 154,9 млрд. теңгеге өнім өндірілді, 2,6 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.



БИЫЛ АЛМАТЫДА:

Кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3,9 пайызға өсті

- Биылғы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша қалада кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3,9 пайызға өсіп, 203 500-ге жетті. Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 613 мың адам. Қалада 1000-нан астам нысан ашылды, олардың басым бөлігі сауда және қызмет көрсету саласы.
- Қалада жергілікті өнім шығаруға белсенді қолдау көрсетілді. Отандық өндірушілер арасынан 400 млн. теңге сомасына мектеп жиһазын жеткізуге консорциуммен келісімшарт жасалды. Тағы бір «Склад ОВ» кәсіпорны 50,6 млн. теңге сомасына 19 мың секция радиаторын жеткізуге келісімшарт жасады.
- «Алматылифт» компаниясы 449 млн. теңгеге 46 лифт шығарды.
- «Алматы бас жоспары» ҒЗИ» ЖШС-мен бірлесіп Алматы қаласы бойынша құрылыс материалдарының каталогы жасалады. Қаланың «дизайн кодына» отандық құрылыс материалдарын енгізу жоспарлануда.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

Учет.кз компаниясымен бірлесе Atameken Business Club платформасы іске қосылды. Бұл платформа бизнестің 10 саласы (HoReCa, туризм, сауда және т.б.) қамтылған бухгалтерлік есеп, салық және кадр тақырыптары және бизнесті жүргізудің басқа да өзекті мәселелері бойынша тегін онлайн-консультациялар өткізеді.

Биыл кадрлар арасында ең сұранысқа ие мамандық «сатушы» екені белгілі болды. Сондай-ақ, кәсіпкерлерге SMM мамандары қажет, бұл соңғы жылдары интернеттегі ең танымал мамандық.

Алматыда тәрбиешілер, аспаздар, тігіншілер, менеджерлер, техник-технологтар, механиктер, құрылысшылар, электриктер, медициналық бике (аға), шаш-тараздар, дәнекерлеушілер, дизайнерлер, IT мамандар, есепші, фармацевттер, компьютерлік бағдарламашылар және жобалаушыларға сұраныс өте жоғары.

АНЫҚТАМА ҮШІН:

АЛМАТЫЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН:

- Almaty Business-2021 оқыту бағдарламасы іске қосылды. Бұл өз компанияларында тәртіп орнатқысы, сатылымды жақсартқысы және жеке бизнестегі процестерді орнатқысы келетін шағын бизнес иелеріне арналған бағдарлама.
- Бағдарламаға 1750 кәсіпкер қатысуға өтінім берді (7 саладан: азық-түлік және азық-түлік емес ритейл, тамақтану объектілері, қызмет көрсету саласы, жиһаз өндірісі, тамақ және тігін өндірісі). Оның ішінде 1038 қатысушы оқудан сәтті өтті.



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – 180



«Кел, балалар, оқылық!»

Елордада Ыбырай Алтынсариннің бюсті ашылды. Ол Нұр-Сұлтандағы №83 мектептің алдына орнатылды. Биіктігі тұғырын қоса алғанда 4 метрден асады. Бюст тұғыры граниттен, ал мүсіннің өзі қоладан құйылған.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің үш-төрт жасында әкесі қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында өскен. Атасы кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Мектеп 1850 жылы ашылып, оған қабылданған 30 қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болды.

Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастырған.

Өзі 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. Жинаққа кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 175



Дүлдүл ақын

Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен-ақ таныла бастаған. Бозбала шағынан ортасын ән мен жырға кенелтіп, көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылған. Сол кезде Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның батасын алады.

Жамбылдың шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып, дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған.

Ол 1945 жылы 22 маусымда Алматы облысының Ұзынағаш елдімекенінде 99 жасында дүниеден өтті.

Жамбылдың шығармашылық өмірінің 75 жылдығы тойланып жатқан күндерде (1938) Данияның аса көрнекті жазушысы Мартин Андерсен-Нексен (1869–1954) ақынға жолдаған сәлемінде: «Сіз көшпенділердің өмірінен осы заманғы адамның, еркін азаматтың өміріне мыңдаған жылғы мәдениеттің көпірін салдыңыз», – деп ықыласын білдірген. Ал орыс жазушысы Л.Соболев осы пікірді «Жамбылдың халықтың ақындық дәстүрлерін сақтаушы ретіндегі зор таланты, оның айқын дүниетанымы қазақ әдебиетінің екі бағытын: бұрынғы ауызша поэзия мен қазіргі кәсіби поэзияны біртұтас етіп біріктіреді», – деген ойымен қорытты.

ДИНА НҮРПЕЙІСОВА – 160

Халық композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың 160 жылдық мерейтойына орай Елорда төріндегі Абылай хан даңғылы мен Дина көшелерінің қиылысында күйшінің ескерткіші ашылды.

«Күй анасы – ДИНА» атты энциклопедиялық жинақтың таныстырылымы да салтанатты жағдайда өтті. «Арыс» баспасынан жарық көрген көлемді еңбек үш бөлімнен тұрады. Онда күйшінің өмір жолы, зерттеуші ғалымдардың, танымал тұлғалардың естеліктері топтастырылған. Жинақтың ішінде екі CD дискі бар. Онда Дина Нұрпейісованың тартқан күйлері жинақталған. Сондай-ақ, күйлерінің ноталары да енген.

Жиналғандар аса дарынды өнер иесі қазақтың күй құрылысын өзінше дамытқаны, домбыра тартуда құбылтып отырудың шебері болғаны жөнінде айтты. Дина сахнада отырып небір күрделі шығармаларын орындағанда, оң қолының қағыс техникасы көрермендерінің ерекше назарын аударған. Оның жүрегінен туған жауһар туындылар қазақ күй өнерінің алтын қорынан орын алды.

Басқосу соңында Елорда іргесіндегі Қосшы кентінде жаңадан ашылған музыка мектебінде дәріс алып жүрген өнерлі балдырғандарға 10 домбыра сыйға тартылды.

Қастерлі күй өнерін хас шеберлігімен аспандата білген ерекше тұлға – Дина Нұрпейісованың шығармашылығы ғасырдан-ғасырға жалғасын таба берері сөзсіз.

Күй анасы



ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ

ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСОВ – 150

Ерекше ескерткіш

Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан, күрес түрлері бойынша әлемді мойындатқан аңыз тұлға – Қажымұқан Мұңайтпасовқа Елорда төрінен ескерткіш ашылды.

Балуанның биылғы 150 жылдығына орай жасалған тас мүсін енді балуан есімі берілген «Жас батыр» спорт кешені аумағында орнатылды.

Бұл – Қажымұқан балуанның бүкіл бойымен соғылған ерекше ескерткіш.

Қоладан соғылған, биіктігі – 5 метр 80 см.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1871 жылы Ақмола уезіндегі Қараөкел ауылында дүниеге келген. Спорттағы жетістіктері оның кілемге әлемнің мықты деген балуандары – Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Поль Понс сынды спорт шеберлерімен белдесуімен тарихта қалған.

Сондай-ақ, Шымкент өңірінде де балуанның 150 жылдығына тағы бір ескерткіш ашылды.



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – 155

Алаш көсемі



Әлихан Бөкейхан жасынан алғыр болып өскен. Әкесі оны Қарқаралыға ертіп барып, жергілікті молданың оқуына береді. Бірақ кішкентай Әлихан молданың оқуына қанағаттанбай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке өз қалауымен ауысады.

Оны бітіргеннен кейін Қарқара-

лы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте жеті жыл оқыған.

1886 жылы Омбыдағы 4 жылдық техникалық училищеде, одан кейін Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде білім алады. Ол сол қаладағы университеттің заң факуль-

тетіне төтенше емтихан тапсырып, заңгер дипломын да алып шығады. Ал оқудан кейін Омбы қаласына қайта оралып, орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінен сабақ береді. «Степной край» газетінің редакция алкасына кіреді.

Әлихан Бөкейхан қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулерді ғана емес, тарих, этнография, әдебиет пен фольклорға арналған жүздеген мақала жазған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» сынды халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгісін жинақтап, баспадан шығарады.

1916 жылы жер аударылып келген соң, Орынбордың қоғамдық, саяси өміріне белсене араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думасына сайланады.

1917 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтың құрылтайында Қазақ автономиясы жарияланып, Әлихан Бөкейхан сол алғашқы Қазақ автономиялы республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаған аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов жалған айыппен Мәскеуде өлім жазасына кесіледі. Үкім сол күні жүзеге асырылған.



«АЙҚАП» – 110

«Білім әлеміне ашылған бір терезе»

Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашының бірі – «Айқап» журналының алғашқы нөмірі 1911 жылы 10 қаңтарда Троицкіде шыққан. Ұйымдастырушысы және баспагер, редакторы Мұхамеджан Сералин болды.

«Айқаптың» алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың ғылым мен білімді игермегенін мәселе етіп көтерген мақаласы жарияланды. Қаржының тапшылығынан журнал бірінші жылы айына бір рет, шағын көлеммен жарық көрді.

1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен 12-24 бет көлемінде жарияланды.

Журнал 1911 жылғы қаңтардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін шыққан. Барлығы 88 нөмірі тарап,

таралымы 1000 данаға дейін жеткен. Міржақып Дулатов бұл басылым туралы «білім әлеміне ашылған бір терезе болды» деп жазған.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 90



Хантәңірінің мұзбалағы

Ақиық ақынның 90 жылдығына орай Нарынқолдың (Алматы облысы) орталық алаңында алып тұлғаның еңселі ескерткіші ашылды. Мереке күні Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев Хантәңірі мұзбалағының туған жерінің тұрғындарымен кездесті. Музейге ақынның қобызын тапсырды. Ескерткіш қоладан құйылған, тұғыры граниттен дайындалған. Биіктігі – 8,2 м.

Мерейтойға орай «Мұқағали» көркем фильмі жарыққа шықты. Кинокартина ақын өмірінің соңғы жылдары туралы баяндайды. «Мұқағали – біздің ұлттық мақтанышымыз. Ол – қазақ

поэзиясына шексіз кеңістік пен бұрын-соңды болмаған биіктерді әкелген ақын. Тағдыр оны өмірдің тұңғығына тастап, әбден сынады. Бірақ ол барлық сынақты табандылықпен жеңіп, тізе бүкпестен қабылдады. Әрине, мен де оның шығармашылығымен бала кезімнен таныспын. Оның шығармалары маған өмірде бірнеше рет көмектесті, бағыт берді, үміт сыйлады. Мұқағали Мақатаев туралы фильм түсіру идеясы 15 жылдан астам уақыт бойы көкейімде жүрді. Осы уақыт ішінде мен ол туралы ақпарат жинап, ақынның көзін көрген жандармен кездестім», – дейді картинаның режиссері Болат Қалымбетов.

ЕСІМДЕР

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ – 90



Отаншыл азамат

Шымкентте Өзбекәлі Жәнібековтің композициялық мүсіні орнатылды.

Ол – XX ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін қайта түлетіп, ұлтымыздың мәдени-рухани мұрасын сақтау жолында аянбай еңбек еткен тарихи тұлғалардың бірі де бірегейі. Сондай-ақ, «Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығында» қоғам қайраткерінің өмір жолын баяндайтын «Дара» атты деректі фильмнің тұсаукесер рәсімі өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің ұлт руханиятын көтерудегі орны айрықша. Ғалым-этнограф Мәдениет министрлігінде жауапты қызмет атқарған жылдары елімізде 400-ге жуық археологиялық нысан қалпына келтірілген. Бұл Өзбекәлі Жәнібековтің ұлт қайраткері, отаншыл азамат ретіндегі тұлғасын көрсетеді.

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ – 85

Сайын даланың Сайыны

Әр шығармасының түп-тамыры ауыл адамдарының тағдырына телінген белгілі қаламгер Сайын Мұратбековтің туғанына биыл 85 жыл.

Осы орайда жазушының жары Мәриям апаның: «Сайын көбіне түнде жазатын. Күзде қарлы жауын жауады ғой. Әсіресе, сол кезді қатты жақсы көретін. Ондай уақыттарда жұмыстан келе сала жазуға отыратын. «Алғашқы қар», «Қысқы кеш», «Ананың арманы», «Отау үй» әңгімелерін, «Қыран құс көк жүзін шарлап кетті» атты очерк-диплом жұмысын сол әуежай маңындағы үйде тұрғанымызда жазды. Төрт-бес жылдан кейін қаладан пәтер берілді де, сонда көштік. Ол үйде «Көкорай», «Күсен-Күсеке», «Жабайы алма», «Жусан иісі», «Басында Үшқараның» сынды шығармалары дүниеге келді. «Жусан иісін» жазып біткен соң ол керемет көңіл күйде жүрді. Сірә, оқырман қауымға, балаларға ұнайтынын сезген шығар», – деген естелігі де біраз жайтты аңғартса керек.

Иә, оның шағын әңгімелерінен бастап, ірі туындыларының қай-қайсысын алып қарасақ та, қазақы ауылдың қуанышы мен күйінішін бірден тани кетеміз.



Ол лирикалық проза жанрын қазақ әдебиетінде жоғары деңгейге көтере білді. Жазушының ең алғашқы шығармасы «Менің қарындасым», «Таңғы шық» әңгімелерінен бастап, «Жабайы алма», «Жусан иісі» секілді классикалық туындыларын әлі күнге дейін іздеп жүріп оқитынымыз жасырын емес. Себебі, оның туындыларында адам жаны, психологиясы мен адамзат құндылығы көрініс тапқан.

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



«Алаш арыстары»

Елордада Алаш арыстарына ескерткіш ашылды. Салтанатты іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Ескерткіште Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бейнеленген. «Әлихан – Алашорда үкіметін басқарған мемлекет қайраткері. Ахмет – халқымызды білім мен ғылымға жетелеп, рухани ұстаз болған әйгілі ағартушы. Міржақып – ұлт бірлігі ұранына айналған «Оян, қазақ!» пен тұңғыш қазақ романының авторы, көрнекті қаламгер. Үш қайраткер де – бірегей тарихи тұлғалар. Бұл ескерткіш – барша Алаш ардақтыларына деген құрметіміздің көрінісі», – деді Мемлекет басшысы.


Шымкент қаласының Орталық саябағына да Алаш арыстарына ескерткіш қойылды. Тұғыр гранитпен қапталған. Мүсіндердің биіктігі – орта есеппен 210 см. Тұғырдың ұзындығы – шамамен 6 метр, ені 3 метрге жуық.

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сарапхана ауылындағы «Мәңгілік ел» кешенінде де «Алаш арыстары» ескерткішінің лентасы қиылды. Ескерткіште ұлт үшін өмірін күреске айналдырған көшбасшыларымыз бен қайраткерлеріміз бейнеленген. Қоладан құйылған еңселі ескерткіштің биіктігі, тұғырын есепке алмағанда, 5 метрден асады. Айналдыра салынған қабырға тастарында Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздері жазылған.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕБА.



ӘДЕБИ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ



«Түркістанның от баласы» түрікше сөйледі

Әсел
ДАҒЖАН

Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің ұйымдастыруымен даңқты қолбасшы, әскери стратег және белгілі жазушы Бауыржан Момышұлының 111 жылдығына орай, түрік ғалымы Ашур Өздемірдің «Түркістанның от баласы Бауыржан Момышұлы» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Іс-шараға түрік елінің зиялы қауым өкілдері, қазақ және түрік студенттері, БАҚ өкілдері қатысты. Жиында сөз сөйлеген елші Абзал Сапарбекұлы биыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы екенін және еліміздің егемендігін алғаш болып мойындаған бауырлас Түркияның орнының ерекше екенін тілге тиек етті.

«Бауыржан Момышұлы Кеңес Одағы азаматы және Қызыл армия қолбасшысы. Дегенмен, ол өмір бойы ұлттық болмысын сақтап, ұлттық рухын биік көтеріп өткен өз халқының бел баласы. Сол кезеңде ол жаппай қолданылатын «ов» жұрнағын тегіне алмай, «ұлы» сөзін қолданып, «Момышұлы»

тегін мақтанышпен алып жүрген нағыз қарман», – деді А.Сапарбекұлы.

Шара барысында «Түркістанның от баласы Бауыржан Момышұлы» кітабының авторы, белгілі ғалым, түрік тілі мен әдебиетінің оқытушысы және аудармашы Ашур Өздемір Қазақстанның тарихына, оның мәдениеті мен әдебиетіне тоқталды.

«Түркістанның от баласы Бауыржан Момышұлы» атты кітап 3 бөлімнен және соңғы сөзден тұрады. 1-бөлімде Бауыржан Момышұлының отбасы, балалық шағы, мектеп шағы мен әскерлік өмірі, әскер соңындағы өмірі, бойындағы адами қасиеттері туралы баяндалады. 2-бөлімде Бауыржан Момышұлының түйген ой-пікірлері, қазақ әдебиеті туралы көзқарастары және әдеби аудармалар мен тілге және қазақ тарихына, отансүйгіштік және ұлтжандылық, ана мен отбасы туралы ой-пікірлері айтылады.

3-бөлімде өмірінің әдебиетке байланысты көзқарастары, жазған шығармалары, әскери шығармалар, өлеңдері, мақал-мәтелдер, жазған хаттар, мақалалары мен газетке шыққан мақалалары, әскери естеліктері, саяхаттары, роман, оқиғалар, әңгімелері баяндалады.

Іс-шара барысында Б.Момышұлының өз даусымен түсірілген қысқаша деректі фильм көрсетілді. Жиналған қауым фильмнен терең әсер алып, Бауыржан Момышұлын одан әрі тани түсті.

ЖАҢА КІТАП

«Әл-Фараби және қазақ музыкалық аспаптануы»

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында белгілі ғалым, өнер зерттеушісі Сағатбек Медеубекұлының «Әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары» атты монографиясының тұсаукесері өтті.



Танымал ғалымның бұл еңбегі алғаш рет әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай жарық көрген еді. Кітап көпшілік ықыласына бөленіп, оқырмандардың сұранысы бойынша Сағатбек Медеубекұлының толықтырулары мен өзгертулері негізінде биыл екінші рет шығарылып отыр. Кітаптың екінші басылымында әл-Фарабиді тану мен таныту ізденістерінің әлемдік және отандық тәжірибелері жан-жақты баяндалып, ғұлама-ның музыкаға қатысты ерен еңбегі ретінде әлем мойындаған «Музыка туралы үлкен кітабының» қазақ тіліндегі аудармасындағы (аударған Ж.Сандыбаев) тек музыкалық аспаптарға қатысты бөліміне баса назар аударылғанын аңғаруға болады.

Сондай-ақ, монография «Әлем таныған Әбу Насыр әл-Фараби»; «Әл-Фараби және қазақ музыкалық аспаптануы»; «Әл-Фараби және дыбыс»; «Әл-Фараби және сарындас-тамырлас аспаптар» деген бірнеше бөлімдерден тұрады. Жалпы, кітаптың негізгі өзегі – музыкалық аспаптар жайында болғандықтан, монографияның басым бөлігінде тереңірек тоқталып, осы бағытта жазылған.

Мәселен, ғалым әл-Фараби зерттеген шертпелі уд аспабы шертермен, бағдаттық және хорасандық танбурлар домбырамен, шаһруд, мизаф аспаптары жетігенмен, ішекті-ыспалы рабаб қобызбен, өзекті-үрлемелі аспаптар жизмар сыбызғымен, сурнай сырнаймен, жармақты-ұрмалы аспаптар тубул дабылмен, дууф даңғырамен, табль-баз дауылпазбен, сылдырмақты-сілкімелі аспап джеләджил қоңыраумен салыстырылып, бұлардың тамырластығын анықтаған.

Монографиядағы зерттеулерде әр аспаптың суреті және сызба үлгілері қатар берілген. Сондай-ақ, мұндағы сілтемелер мен дәйектемелер, мәтіндегі ойларға қатысты қосымша деректер де өз орнымен ұсынылып отыр.

Ғалым өз еңбегінің соңында пайдаланылған 250 әдебиеттердің тізімі, мәтінде кездесетін жер, су атаулары мен адам аттарының алфавиттік көрсеткіші, сөздік, сондай-ақ, 171 суреттің қашан, қайдан алынғаны да кесте бойынша толығымен көрсетілген.

Монографиялық еңбек «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

ШЕБЕРДІҢ ІСІ



Жаңа жыл қарсаңында Орталық мемлекеттік мұражайының базарына айналды. Алдағы демалыс күндері мұнда қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі өтеді.

Қазақстанның түрлі өңірлерінен, тіпті көршілес мемлекеттерден келген қолөнершілер былғарыдан, ағаштан, киізден, батиктен, күмістен және тастардан жасалған өз бұйымдарын ұсынады. Жәрмеңкенің басты ерекшелігі – мұнда екінші рет қайталанбайтын, ерекше сыйлықтар мен жаңажылдық әшекейлерді таңдауға болады. Онда қолданбалы шығармашылықтың қазіргі заманғы үрдістерін хэнд-мейд шеберлері ұсынбақ.

Күні мен уақыты: 24–26 желтоқсан, сағат 11.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтетін орны: Орталық мемлекеттік мұражайы («Самал-1» ықшамауданы, 44-үй).

АРМАНДАЙТЫН УАҚЫТ



Жаңа жыл қарсаңында Бас ботаникалық бақта «Арман уақыты» иммерсивті аудио-қойылымы іске қосылды.

– Қыс – бүкіл әлем ұйықтайтын уақыт. Ол түсінде не көреді, өткенді, болашақты? Мүмкін, біз бен сізді? Бұл қойылым бақтың жолдарымен жүргендер туралы айтады. Олардың армандары мен қуаныштары туралы сөз етеді. Сикыраға қол тигізгісі келетін, тілегін айтқысы келетін және оны өзге жолаушылармен бөліскісі келетіндер туралы әңгімелейді, – дейді ұйымдастырушылар.

Иммерсивті қойылым серуені қалай өтеді? Сіз құлаққапты киіп, дауыстың соңынан жүріп отырасыз. Бұл аудионұсқаулық немесе экскурсия емес. Бұл – жақсы отбасылық қойылым, сізді 60 минутқа өз әлеміне алып кететін ертегі. Сіз тек тыңдаушы немесе бақылаушы ғана емес, сонымен қатар, акцияның басты кейіпкері боласыз. Бұл – қауіпсіз және танымдық саяхат. Серуен жаңажылдық безендірілген жарықтандыру арасында таза ауада өтеді.

Күні мен уақыты: 25-26 желтоқсан, басталуы: 15.00, 17.00.

Өтетін орны: Бас ботаникалық бақ.

ЕСКІ ОРГАННЫҢ ДЫБЫСЫНА СӘЙКЕС



Philharmonic New Year Fest фестивалі аясында орган музыкасының рождестволық концерті өтеді.

Онда Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің кавалері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Ғабит Несіпбаев өнер көрсетеді. 90-шы жылдардың басында ол И.Бахтың барлық ағзалық мұрасын қамтыған 15 концерттік бағдарламадан тұратын циклды ойнаған Қазақстанның алғашқы музыканты болды. Музыканттың ауқымды репертуарына ежелгі батыс еуропалық шеберлердің, XIX ғасыр композиторларының, сондай-ақ қазіргі заманғы авторлардың туындылары кіреді. Органист АҚШ, Оңтүстік Корея, Ресей, Беларусь, Эстония және басқа да көптеген елдердің үздік концерт залдарында өнер көрсетеді.

Күні мен уақыты: 25 желтоқсан, басталуы: 18.00.
Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы (Қалдаяқов көшесі, 35).



КӨРМЕ

Сәулет көкжиегін жіті сезінген...



Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде белгілі сәулеткер-суретші Берік Молжігіттің «Ұшқан ұя» атты шығармашылық көрмесі ашылды.

Салтанатты шара барысында аталған музей директорының орынбасары Алтынжан Хожамұратова, өнертанушы Баян Барманқұлова, Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, тағы басқа әріптестері көрме несіне ізгі лебіз арнады. Көрмеге суретшінің 80-нен астам кескіндемелік, графикалық туындыларымен қатар, сәулет өнеріндегі нысандар жобалары бейнеленген бірнеше планшеттері қойылған.

Алматы көркемсурет училищесіне оқуға түстім. Кейін Ленинградтағы КСРО Көркем-өнер академиясының И.Е.Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтын сәулеткер-суретші мамандығы бойынша тәмамдадым. Ел жаққа жиі барып тұрамын. Бір барғанымда ауылдағы тұрған үйіміздің құлап қалғанын көрдім. Балалық шағымның бір естелігі болсын деп үйдің бір терезесін өзіммен бірге Алматыға алып келдім. Сол терезе менің «Балалық», «Ұшқан ұя», «Әжемнің бейнесі» туындыларымды жазуыма шабыт берді, – деп ықыластана әңгімеледі Берік Ұзақбайұлы.

40 жылға жуық сәулет-жобалау саласында жетекші сәулетші, жобалардың бас сәулетшісі қызметін атқарған Берік Ұзақбайұлы Қазақстандағы көптеген қалалардың көркеюіне елеулі үлес қосып, әсем ғимараттар жобасының авторы болып табылады. Оның ішінде Алматы әуежайындағы жолаушыларға арналған жаңа терминал, Тараз қаласында-



Берік Молжігіттің негізгі кәсібі – сәулеткер, бірақ кескіндеме мен графика оның өміріне үйлесім әкелетін, эмоциялар мен сезімдерге ерік беретін жан дүниесінің бір бөлігі болды. Мысалы, имандылық иірімдеріне толы «Қағба», «Тәуап ету», «Намаз» картиналары ішкі рухани әлемінен хабар берсе, «Балалық», «Ұшқан ұя», «Әжемнің бейнесі» туындылары суретшінің көкейінде қалған балалық шақтың бал күндерінен естелік іспетті.

Осы орайда, сәулет көкжиегін жіті сезініп, кең шөла білетін саңлақ сәулетшіні сөзге тартқан едік.

– Сурет салуға бала кезімнен құштар болдым. Әсіресе, қой бағуға, мал қайтаруға шыққандағы табиғат көріністерін көңіліме түйіп, үйге келген соң қағаз бетіне түсіретінмін. 15 жасымда Н.В.Гоголь атындағы

ғы Спорт сарайы, Астанадағы «Керуен» ойын-сауық кешені, «Думан» ықшамауданындағы 1000 орынды мектеп, ҚазҰУ аумағындағы Білім сағаты және тағы басқа нысандар бар.

Суретші сәулет өнері мен кескіндеме, графика жанрларында еркін жұмыс істеп, барлығын қатар алып жүреді. Берік Молжігіт – Қазақстанның құрметті сәулетшісі, Қазақстан Республикасының Сәулетшілер және Суретшілер одағының мүшесі, Болгария Сәулетшілер одағы «Алтын капитель», XII Дүниежүзілік сәулетшілер триенналесі «INTERARCH-2012» «Алтын медаль» марапатының иегері.

Көрме 2022 жылдың 20 қаңтарына дейін жалғасады.

Айгүл АХМЕТОВА.

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Жаныма жақын шаһар



Мен Алматы қаласына алғаш рет екі жасымда келіппін. Ол кездегі көп нәрсе есімде жоқ, әрине. Бірақ әр жазда келетінмін. Келген сайын нағашы атам жанынан бір елі тастамай, қолымнан жетектеп жүріп қаланы аралататын.

Бірде атам метроға алып барды. Сол кезде бала көңіліме ол орасан үлкен нысан болып көрінген болатын. Кейін есейген шақта келгенімде, Алматы метрополитенінің Қазақстандағы алғашқы метро, Орталық Азиядағы – екінші (Ташкент метрополитенінен кейінгі) және ТМД-дағы 17-ші метрополитен екенін білдім.

Қоғамдық көліктерге отырған адамдардың қолынан сары түсті карталар көре бастадым. Өзімнің аға-әпкелерімде де болатын. Басында банк картасы болар деп аса мән бермеген едім. Сосын әлгі картаның автобусқа отырғанда жол ақысын төлейтін «ONAI!» картасы екенін байқадым. Шынымен, оп-оңай. Осылайша қоғамдық көліктердегі мәдениет те қалыптаса бастапты. Айтпақшы, Алматы – еліміздегі осындай төлем картасын енгізген алғашқы қала.

Бүгінгі таңда қоғамдық транспортқа қалалық велосипедтерді жалдау жүйесі сәтті қосылды. 2016 жылдың қыркүйегінде 270 велосипед паркі бар «Almaty Bike» автоматтандырылған велосипедтерді жалға беру жүйесінің елу жаңа станциясы

ашылған. Бүгінде көшеде велосипед, самокат тізгіндеген адам қарасы көбейген. Бәрі дйттеген жеріне зырылдап жетіп бара қояды. Бұл жүйе қала экологиясын жақсарту үшін қабылданған шара екенін білдім.

Қалаға келген сайын мен көбіне саябақтарда, сол кезде болған ойын-сауық орталықтарына қыдыратынмын. Кейінгі 3-4 жылдың ішінде көптеген әсем, көздің жауын аларлықтай ғимараттар, үлкен ойын-сауық орталықтары, спорт кешендері бой көтерді. Олардың өзі Алматының дәрежесін асқақтатары сөзсіз.

2016 жылы Көктөбедегі аспалы жол заманауи үлгіде қайтадан жөндеуден өтті. Бұл туризмді дамытатын көздердің бірі деп санаймын. Өзіміз де, яғни жастар да осындай көрнекті жерлерге жиі барамыз.

«Алматы Арена» мұз сарайы да 2016 жылы салынды. Онда 12 000 көрерменге арналған мұз аренасы, сауықтыру және дене шынықтыру-сауықтыру орталығы және жүзу бассейні бар. Бұл мұз аренасы – ТМД-дағы екінші ірі нысан және Орталық Азиядағы ең үлкен жабық мұз аренасы.

Алматы – жастар қаласы. Ол әлі де дамиды. Қазіргіден де көркем болатынына сенемін. Өйткені, ару Алматыға жас маман ретінде біз де үлес қосатын боламыз.

Мерей ДОСМУРАТ,
Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенті.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ ШАҚЫРАДЫ



Алматыдағы «Медеу» визит-орталығы – тауға шығуды ұнататындар мен шетелдік қонақтар үшін қолжетімді, ыңғайлы және қауіпсіз.

Жаңа туристік ақпараттық орталықта кез келген турист «Іле Алатау» ұлттық паркі туралы барлық қажетті ақпаратты – туристік бағыттар, соқпақтар туралы деректерді, ұлттық парк аумағындағы объектілердің байланыстарын, қауіпсіз және жайлы туризм үшін қажетті жабдықтарды ала алады. Сондай-ақ, орталықта тамақтану орны, туристік жабдықтар дүкені және қоғамдық дәретхана бар.

Нысан Қазақстанда тұрақты экотуризмді дамыту аясында бой көтерген.

«МЕН КӨРУ ҮШІН КӨЗІМДІ ЖҰМДЫМ»



Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында «Мен көру үшін көзімді жұмдым» атты көрме өтуде.

Ұсынылған жұмыстардың авторы – суретші Жәмила Тәкен адамның ішкі дауысы ғана емес, оған қиын жағдайларда қалай әрекет ету керектігін, соны-

мен қатар, әлемді ерекше түрде көруге мүмкіндік беретін ішкі көру қабілеті бар екенін шығармашылық тұрғыдан көрсетеді.

Жәмила Тәкен – кескіндеменің колористикалық мүмкіндіктерін іздеуде, шығармашылық тілдің өзгермелілігінде, қазіргі заманның өткір әлеуметтік мәселелерін көркемдік құралдармен білдіруге деген ұмтылыста көрінетін эксперимент шебері. Белсенді өмірлік ұстаным және автор куәгер және қатысушы болып табылатын бүгінгі күннің оқиғаларына бей-жай қарамау оның өнерінің ерекшелігін анықтайды.

Стилистикалық, технологиялық, колористикалық, жанрлық құралдардың кең ауқымы әртүрлі әсерлі туындыларын тудырады.

Жалпы экспозицияда шебердің 100 туындысы қойылған.

Уақыты: экспозиция 2022 жылдың 16 қаңтарына дейін жалғасады.

Мекенжайы: Ә.Қастеев атындағы Қазақ мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3», 22/1).

МҰЗДЫ ВУЛКАН

Алматы облысының Кеген ауданы Көлсай және Қайыңды көлдерімен қоса, «Мұзды вулканымен» де танымал болды. Жергілікті тұрғындар оны «Мұзтау – Мұзды тау» деп атайды.

Мұзтау Алматыдан 250 шақырым қашықтықта орналасқан. Онда көлікпен шамамен 4 сағаттық жол болады. Мұнда сіз автокөлікпен жете аласыз, сонымен қатар, туристік компаниялар автобустармен турлар ұйымдастырады.

Мұзтау бұрыннан бар, бірақ оның ерекшелігін селфи әуесқойлары жақында байқады. Артезиан суы 200 метр тереңдіктен көтеріліп, суық мезгілде қатып, биіктігі 14-15 метрге дейін тау – мұз бағанасын түзеді. Полостен шығатын су бөлшектері айналмалы буға ұқсайды, бұл оны жанартау деп атауға себеп болады.

Орны: Алматы облысы, Кеген және Шырғанақ ауылдары арасында.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ЖЫР-ШАШУ

ҚАЗАҚ БҮГІН
БАҚЫТТЫҚайрат
БИСЕМБАЕВ,
«Құрмет»
орденінің иегері.*Тәуелсіздің, қазақ бүгін тәуелсіз,
Рухы биік, берекеге бай елсіз.
Қанишама ұлт Тұсыз өмір**кешуде,
Елтаңбасыз, Әнұрансыз, әуенсіз.**Егемен ел, Қазақ бүгін егемен,
Елім үшін жаным құрбан деген ел.
Қанишама ұлт Отаны жоқ, жері
жоқ,
«Қиан соған қол жетеді?» – деп,
елең.**Қуатты ел, Қазақ бүгін қуатты,
Талай ұлтқа күн сыйлаған шуақты.
Ал арамдар сырттан арбап көп
елді,
Қанишама елдің арман, ойын
құлатты.**Жігерлі ел, Қазақ бүгін жігерлі,
Үзе білген жасулар салған шірдерді.
Жау жоқ деме, жсар астында әлі
жүр,
Қара, қаниша елді ойрандап
жіберді.**Ақылды ел, Қазақ деген ақылды,
Дос қып жүрген алысты да,
жақынды.
Жаһандану дәуірінде жол тауып,
Оза шапқан қыса түсіп тақымды.**Бақытты ел, Қазақ бүгін
бақытты,
Серік еткен Бірлік деген
жақұтты.
Ырың-жырын, өкпе-аразға жол
бермей,
Қадірлейік бастағы бар бақ,
құтты.**Бағалайық барды бүгін бастағы,
Отыз жасың аз-ақ уақыт
қас-қағым.
Полигоннан басқа көрмей
жарылыс,
Тұрған жоқ па бұлтсыз, ашық
аспаның.**Мұңдалаған ел боламыз мәңгілік,
Бейбітшілік жасын айтып ән
қытып.
Көк байрағым жер әлемге сән
беріп,
Әнұраным тұрсын мәңгі
жаңғырып!*

СҰХБАТ

Сәкен СЕЙДУАЛИЕВ,
дипломатия қызметінің ардагері, профессор:ЖАСТАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАДІРІН
ЖЕТЕ ТҮСІНУГЕ ТИІС

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, еліміздің дипломатия қызметінің ардагері, экономика ғылымының кандидаты, профессор Сәкен СЕЙДУАЛИЕВ мырзадан газетімізге сұхбат беруін өтінген едік. Ондағы ойымыз – қазақ дипломатиясының тарихы жайында, дипломат мамандығының еліміздегі маңызы мен мәні төңірегінде әңгіме өрбітіп, егемендік алған тұстағы шет елдермен байланыстың қалай орнатылғаны, тарихи шешімдердің қалай қабылданғаны туралы сұрау еді. Егемендікті енді алған тұстағы сындарлы сәтте мемлекетімізді тұсауы жаңа кесілген сәбидей жетелеп, төрткүл дүниеге танытуға тырысқан қайраткер бізге бірден келісімін берді.



– Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның алдында көптеген күрделі міндеттер тұрды. Егер басқа салаларда бізде белгілі бір тәжірибе, кадрлар болса, ал сыртқы саясатта бәрін нөлден бастауға тура келді. Отандық дипломатияның бастауында тұрған адамдардың бірі ретінде сол өткен күндерден естелік айтыңызшы.

– Елшілік деген оңай жұмыс емес. Кеңес кезінде Одақтас республикаларда Сыртқы істер министрлігі болғанымен, бірақ олар дербес сыртқы саясат жүргізе алған жоқ. Бәрін бір Мәскеу шешті. Соның айтқанымен жүрді. Соған байланысты Одақтас республикаларда сыртқы саясаттағы тәжірибе де, білікті кадрлар да болмағаны жасырын емес. Тіпті, шет тілін білетін мамандар да өте тапшы еді. Осындай уақытта барынды салып жұмыс істеу маңызды болды.

Мен 1991 жылғы 9 желтоқсанда Лондонда өткен «ЭКСПО–1991» халықаралық көрмесіне Қазақстан делегациясын басқарып барған бірінші қазақ болдым. Сол жерде Қазақстан азаматы ретінде Sky News телеарнасының тікелей эфирінде алғаш рет ағылшын тілінде сұхбат бердім. Қазақстан

Республикасы Президентінің аты-жөнін айтып тұрып, өзіміздің павильонда жеңіл өнеркәсіп өнімдерін, қазақтың ұлттық киімдерін таныстырдым. Еліміздің коммерциялық ұстанымын жеткіздім.

Екіншіден, 1986 жылы көктемде Вена қаласында орналасқан БҰҰ-ның өнеркәсіп және энергетика департаментінде дамушы елдердегі энергетиканың жағдайы туралы АҚШ-тың өкілімен кездесіп, ағылшын тілінде өзімнің энергетик маман екенімді дәлелдедім. Қазір ғой, ағылшын тілін екінші бірі біледі. Ал ол кезде шет тілін білетін мамандар некен-саяқ болатын.

Одан кейін Алматыда қалалық Сыртқы қатынастар бөлімін басқардым. Қалаға көп еңбегім сіңді. Алматылық тележурналистерге жапондық бейнекамералар, қымбат құрылғылар алып бердік. АҚШ-тың Тусон қаласымен, Италияның Модена, Францияның Рен, Марокконың Мекнес қалаларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істедік. АҚШ-тың Тусон қаласымен әлі күнге дейін ынтымақтастық жалғасып жатыр.

– Соңғы кезде Қытайдың еліміздегі, жалпы

әлемдегі экономикалық ықпалы күшейді. Экономикалық ықпалдың күшеюі қорқынышты жағдай емес пе?

– Қытаймен көрші орналасқан елміз, сондықтан географиядан ешқайда қаша алмаймыз. Қытай қаншама ғасырдан бері өркениеті дамыған үлкен держава. Экономикасы да мықты. Сондықтан біз олардан өз үлесімізді алып қалуымыз керек. Біз олардың деңгейіне жету үшін ұлттық өнімдерімізді халықаралық деңгейге шығарып, алға қадам басуымыз қажет. Одан соң отандық туризмімізді дамытуды қолға алсақ дұрыс-ақ болар еді. Күндердің күнінде мұнайымыз, пайдалы қазбаларымыз таусылса, бізді асырайтын сол туризм болмақ. Жан аямай еңбек етсек, біз де экономикасы мықты елге айнала аламыз. Олардың экономикалық ықпалының күшеюінен ешқандай қорқыныш жоқ. «Қара қытай қаптады» деген секілді стереотиптен арылуымыз керек.

– Біз Тәуелсіздігімізді қаншалықты бағалай алып жүрміз? Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында қандай тілек айтар едіңіз?

– Біз шекарамызды шегендеп, оны заңды түрде бекіттік. Енді бізге техника, заң, ғылым – барлық саланы қазақ тілінде сөйлетуіміз керек. Мәселен, мен Африкада үш жыл металлургиялық зауыт салдым. Оған Кеңес үкіметінен 3500 маман барды. Солардың ішінде жалғыз қазақ болдым. Сонда жүргенде жолдасым еңбек демалысын алып келді. Ол өзімен бірге «Жұлдыз» журналын ала келіпті. Өмірімде басылымды сондай бір сүйсініп оқымап едім. Бір әрпін қалдырмай түгел оқып шықтым. Өйткені, шет елде жүргенде өз тіліне, өз дініне, туған жеріне деген сағыныш ерекше болады. Басқа елде жүргенде туған еліңнің қадірін ерекше түсінесің. Сондықтан біз, әсіресе, жастар Тәуелсіздіктің қадірін жете түсінуі тиіс. Осындай жеңіске қол жеткізген соң, оны сақтап қалу одан да қиын міндет екенін түсіну керек. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмауы тиіс. Ал ол мақсат жолында халыққа біртұтас идея, жұмылдырушы күш, мақсат-мұрат қажет. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, мемлекетімізді нығайта беру үшін бізге ең әуелі бірлік қажет», – деген болатын. Шынымен де, бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ. Сондықтан да қуаныш пен қиыншылықта халқымыз әрдайым бірге болуы қажет деген тәмсіл күн тәртібінде тұруы тиіс. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді, ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі, тірлік кешуі мүмкін емес. Себебі, тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің, тапталмаған намыстың күшімен келген ұлы мәртебе.

Тәуелсіздігіміздің көк байрағын желбіретіп, еліміздің еңсесін биікте ұстап, тілімізді тұғырынан тайдырмай, байлығымызды талан-таражға түсірмей, болашақ ұрпақтың алдында ата-бабалық парызымызды адал жалғастыру – бәріміздің басты борышымыз. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын деп тілеймін!

Әңгімелескен
Серік ЖҰМАБАЕВ.

АУҒАНСТАН АҚИҚАТЫ

1978 жылы Ауғанстанда төңкеріс болып, сырт елдердің қатысуымен соғыс ұзаққа созылды. 1979 жылы 25 желтоқсанда кеңес әскерлері Ауғанстанға кіріп, 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс жүргізді. Бұл соғысқа 22 мың қазақстандық қатысты.

Ауғанстанда төңкеріс 1978 жылы 27 сәуірде өтті. Нәтижесінде М.Дауд көзі жойылып, билік Ауғанстан халықтық демократиялық партиясының (АХДП) қолына өтті. Тарихта «Сәуір революциясы» деп айдар тағылған бұл оқиға шын мәнінде коммунист-офицерлердің әскери төңкерісі еді. Ауғанстандағы шиеленісті жағдайларға байланысты ауғандық жетекшілер тарапынан АДР-ға әскери көмек беру жөнінде Кеңес Одағына өтініштер түсе бастады. Ауғандық басшылар ел ішіндегі жағдайды Кеңес Одағын қатыстыра отырып шешуге тырысты.

АДР жетекшісі Н.Тараки өзінің орын-басары Х.Аминнің тұзағына түсіп, бір ай өтпестен 1979 жылы 8 қазанда өлтірілді. Сөйтіп, Х.Амин Ауғанстанның бірінші тағын тақымына басты. Билік басына Х.Аминнің келуін ауыр қабылдаған Мәскеу 1979 жылы желтоқсанда Ауғанстанға әскер кіргізуді қажет деп тапты. Соңғы саяси шешім желтоқсанның 12-сі күні кеңес басшыларының шағын тобымен шешілді. Ауғанстанға кіретін 40-армия Түркістан әскери округінен құрылып, қолбасшылыққа генерал-лейтенант Ю.В.Тухаринов тағайын-



далды. Түркістан және Орта Азиялық әскери округіне желтоқсанның соңына дейін әскер топтарын құру мен жұмылдыру мақсатында 30-ға жуық бұйрықтар мен тапсырмалар берілді. Ауған соғысындағы басты ерекшеліктің бірі – 40-армия құрамы бастапқы кезде мұсылман ұлтының өкілдерінен жасақталып, Орта Азияда туып-өскен жауынгерлер көп болды.

24 желтоқсан күні КСРО Қорғаныс министрі Д.Устинов пен Бас штаб бастығы Н.Огарков қол қойған бірінші жазбаша құжат пайда болды. Құжат бойынша 1979 жылы

25 желтоқсанда сағат 15.00-де 40-армияның алғашқы легі Ауғанстанмен арадағы мемлекеттік шекараны әуеде де, жерде де кесіп өтті. Кеңес әскерлерінің ең алғашқы соғыс қимылы 27 желтоқсанда Х.Аминнің көзін жоятын жауынгерлік операциядан басталды. Ал Тәжі-Бек сарайын алу операциясы кешкі 19 сағат 30 минутта «Дауыл-333» белгісімен жүзеге асты. Сарайды басып алу соғысы 30-40 минутқа созылды. Атыс барысы кезінде Х.Амин қаза тапты. 1979 жылы 27 желтоқсан

күні кешке Кеңес Одағы басшылары атынан Ю.В.Андропов байланысқа шығып, Б.Кармалды АДР тағына отыруымен құттықтады. Ауған соғысында ерлік танытқан қазақстандықтар аз болған жоқ. Олардың арасынан батыр атағын иеленген жерлестерімізді атап өтсек, олар «Халық Қаһарманы» Бақытжан Ертаев, Кеңес Одағының Батырлары Қайыргелді Майданов, Андрей Шахворостов, Николай Кремениш. Сонымен қатар, батыр атағын алмағанымен, соғыста аты аңызға айналған, 2-мұсылмандық батальон командирі, «Қызыл

Ту» орденінің кавалері, полковник Борис Керімбаевты айтуға болады.

1985 жылы билікке келген Михаил Горбачев 1988 жылы 14 сәуірде Ауғанстаннан кеңес әскерін әкету үшін Женева келісіміне қол қойып, 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан әскерлерін толық әкетті.

Қорыта айтқанда, Ауған соғысының қасіреті мен зардабы мол болды. Өйткені, Қазақстаннан бұл соғысқа қатысқан 22 мың азаматтың 1000-ға жуығы соғыс кезінде қаза болса, соғыс аяқталған 32 жылдың ішінде 5-6 мыңға жуық қаруластарымыз Ауған синдромы салған жаракат салдарынан өмірден өтті. Қазіргі таңда республикамызда шамамен 16-17 мыңдай Ауған соғысы ардагерлері қалса, олардың арасынан ай сайын ауру салдарынан ажал құшып жатқандар қатары да көп. Оған қоса, тұтқынға түскендер мен із-түзсіз жоғалған 18 жауынгеріміздің тірі не өлі екені туралы не дәйек, не дерек жоқ. Сондықтанда ең соңғы солдат табылғанша Ауған соғысының ақиқаты толық ашылды деуге бола қоймас. Ауған соғысы саясат биігінде отырғандардың шешімімен басталды. Кеңес әскерлерінің соғысқа қатысуын кеңестік үкіметтің үлкен қателігі деп бағалау қажет. Жалпы алғанда, Ауған соғысы тарихтағы ең жантүршігерлік беттердің бірі болып қала береді.

Болат САЙЛАН,
тарих ғылымының докторы,
профессор,
Ауған соғысының ардагері.



ЕСКЕ АЛУ

Шәрібай Тобжанов
(1963-2021)

Дүние бос қалғандай сен кеткелі...

Студенттік шақтың қызықты дәурені бастан өткелі, міне, биыл 35 жылдан асып барады. Әрқайсымыздың аңғал да албырт бейнелеріміз күні кешегідей көз алдымызда. Әркімнің өз орны болды. Солардың ортасындағы Шәрібай мен Құлдірсіннің орны бөлек еді. Ертерек үйленгендер де солар болды. Бір-біріне әдемі жарасымды жұп болды. Көрген көз қызығатын. Уақыт өз дегенін істейді екен. Енді міне, сол Шәрібай достан мәңгіге көз жазып қалғанымызға да 40 күн толышты.

Ол – елгезек, ақкөңіл, көпшіл еді. Сыпа бойына жарасымды киініп, мұнтаздай болып жүретін болмысында серілік мінез бар еді. Шәрібайдың бір фотосуреті қазіргі тілмен айтқанда хит болды. Ол – шеттегі қандастарымыздың Алматы әуесжайына келгендегі атажұрттың топырағын иіскеп жатқан жүрек тебіренер сурет болатын. Шеттен келген қандастардың ата жұртта қоныстанып, орналасуына Шәрібайдың сіңірген еңбегі зор деп білеміз. Ол – Шәкеннің азаматтық үлкен қырын танытады. Сондай азамат бүгін ортамызда жоқ. Көңіл сенер емес.

Шәке, дүние бос қалғандай сен кеткелі... Сенің асқарқын бейнең біздің, курстастардың жүрегінде мәңгі сақталады. Біз сені ұмытпаймыз. Жатқан жерің жарық болсын, асыл досымыз Шәрібай.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің 1986 жылғы түлектері атынан – Кәмір Тәлімов, Жанабек Жетіров, Хамит Есбаев, Раушан Авакова, Базаргүл Абдулдина, Нұржамал Шырымбаева, Айгүл Нұрсейітова.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН
ҰСЫНАМЫЗ

«Алейрон» ЖШС-ға:
– оператор-оқушылар;
– әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар керек.
Тел.: 8 777 113 42 43.
Марков көшесі, 69.

«ДСП Центр» ЖШС-ға:
– Кадрлық іс жүргізу маманы
қажет.
Тел.: 8 771 786 77 15.
«Айнабұлақ-2» ш/а., 56 В.

Құрылыс компаниясына:
– бас бухгалтер керек.
Тел.: 8 775 718 23 32.

«Happy Kids» балабақшасына:
– тәрбиеші керек.
Тел.: 8 747 268 68 56.
«Құрамыс» ш/а., Балбырауын көшесі, 71.

«Нәзік» ЖШС-ға:
– сағушы-кеңесшілер;
– аспаздар;
– әкімші;
– жүк тиеушілер;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 (727) 233-18-00.
Масаншы көшесі, 23.

«Алматы-Resort» санаторийіне:
– фельдшер-зертханашы;
– мұрағатшы;
– диспетчер керек.
Тел.: 8 701 794 90 56.
Асқаров көшесі, 2.

Ағаш отырғызуды пайдалану басқармасына:
– аспаз керек.
Тел.: 8 708 770 75 70.
Райымбек даңғылы, 479 В.

«Хак» медициналық орталығына:
– медбике;
– санитарлар;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 777 824 55 71.

Жеке медициналық орталыққа:
– медбике;

– жалпы тәжірибелік дәрігер;
– дәрігер-лор;
– дәрігер-терапевт;
– дәрігер-хирург;
– дәрігер-уролог;
– дәрігер-стоматолог;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 777 705 97 13.

«Dezfactor kz» ЖШС-ға:
– дезинфектор керек.
Тел.: 8 747 480 49 00.
Қонаев көшесі, 21 А.

«Мерей 2030» ЖШС-ға:
– кеңсе менеджері;
– жарнама менеджері;
– аула сыпырушы;
– әр түрлі жұмыстарға жұмысшылар керек.
Тел.: 8 701 760 01 84.

«Қазпошта» АҚ-ға:
– жүргізуші-курьер;
– пошташы-курьерлер керек.
Тел.: 8 778 969 09 20.
Бөгенбай батыр көшесі, 134.

«Барыс» күзет агенттігіне:
– күзетшілер (ерлер, әйелдер) керек.
Тел.: 8 (727) 279-55-72.
Төреқұлов көшесі, 71.

«Эгида Дружина» күзет агенттігі» ЖШС-ға:
– күзетшілер (ерлер, әйелдер) керек.
Тел.: 8 (727) 291-17-29.
Қонаев көшесі, 82.

«Қорғау-Plus» ЖШС-ға:
– күзетшілер керек.
Тел.: 8 771 300 47 20.
Бөгенбай батыр көшесі, 256 А.

«Комета» ЖШС-ға:
– автомеханик;
– жүргізуші;
– қойма жинақтаушысы;
– құю желісіне операторлар керек.
Тел.: 8 (727) 385-99-92.
Наманганский көшесі, 43.

**СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ
БОЛСЫН!**

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектегі көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС. **2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?**

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ALATAY AQPARAT

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Әсел ДАҒЖАН**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.

БРИФИНГ

Ashyq-қа ашық болыңыз

Биыл іске қосылған Ashyq жобасының бүгінгі жұмыстары қандай бағыт алуда? Бұл туралы деректермен Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте тарқатты.

Спикер бұл жобаның коронавирус індетінің таралуына жол бермеу және карантиндік шектеу іс-шаралар кезеңінде бизнесті қолдау мақсатында іске қосылғанын еске салды. Жүйеге

біріктіру жыл басында, яғни 22 қаңтарда бас-
талған болатын.

«Алматы қаласы бойынша Ashyq-та 23 698 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, оның ішінде 10 987-сі – толыққанды қатысушы нысан, 12 711-і жобаның ерікті қатысушысы. Бүгінде 293 нысан жоба көшбасшылары болып табылады», – деді А.Қошмамбетов.

Биылғы 3 маусым мен желтоқсаны аралығында Ashyq жобасынан 18 мыңға жуық кәсіпкерлік объектісі алынып тасталды. Себебі, оларда баршаға ортақ талаптар орындалмаған.

Бизнес субъектілерінің әкімшілігі әсіресе, қазан мен қараша айларында ережелерді ерен санамаған. Ал Ashyq жобасы ешкімге шектеу қоймайды. Оның талаптарына оң көзқарастағы кәсіпкерлерге қайта ұзақ уақыт жұмыс істеуге және өздеріне келушілер санын арттыруға мүмкіндік берілетінін есте ұстаған жөн.

«Соңғы айларда чекіндер санының төмендегені байқалады. Жаңа «омикрон» штамының бізде де таралу қаупі барын ескеріп, кәсіпкерлерден де, келушілерден де санитарлық талаптарды қатаң сақтауды сұраймыз, сондай-ақ, алматылықтарды вакцина алуға шақырамын», – деді Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры.

Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЖӨН ЕКЕН!

Рекордшылар
қатары толықты

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құрметіне Қазақстан рекордтар кітабы жарық көрді.

Осымен 12-рет шыққан Қазақстан рекордтар кітабына бұл жолы спортшылар, медицина өкілдері, әдебиет саласы, фотография, режиссура және қолөнершілер енді. Ел арасында «Қазақ Титан» атанған Алмат Жұманов – қара күш иесі. Ол жүк тиелген 109 тонналық вагонды 8,5 метрге сүйреген. Оның бұл жетістігін Гиннестің рекордтар кітабы мойындапты. «Бірақ арнайы сертификат әлі қолыма тиген жоқ» дейді Алмат.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмат ЖҰМАНОВ,
рекордшы:

– 300 келі келетін түйені көтеріп, артымда үш көлік болды соны бірге, бәрін бірге 13 метрге сүйредім. Түйені иығыма салып алдым да, екі джип, бір жеңіл машина соның бәрін 13 метрге дейін тартып сүйредім, – деді спортшы.

Марапаттау салтанатына қатысқан азаматтар рекордшылардың тізіміне бекер қосылмағандарын дәлелдеді. Олар бүгін де халық алдында шеберліктерін көрсетті. Шара барысында Айдын Нұржұма отандық рекорд жасады. Шыны сынықтарын жалаң аяқ басып тұрып, тісімен және төс сүйегімен 32 келі кір тасын көтерді. Одан кейін бет сүйегімен тағы 10 келіні бағындырды.

Айдын НҰРЖҰМА,
рекордшы:

– Бала кезден күреспен айналысқам, әкем жаттықтырушы. Күресті әкем үйреткен. Қазіргі айналысып жатқаным темір көтеру, күшпен бағындыру әдістерімен 2020 жылдан бастап айналысып жатырмын. Қазақстанның рекордтар кітабына екінші рет кірдім. Бірінші кірген дүние – ол 63 келі көлікті төс сүйекпен тарту.

Қазақстан рекордтар кітабына енген 14 адамға арнайы сертификат табыс-талды.

ӘЛЕУЖЕЛІ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Бір күнде танымал болғандар

2021 жылы әлеуметтік желілер арқылы жарқ етіп шығып, жұлдызға айналған таланттар баршылық. Олардың бірі – қабырға сылап жүріп ән салса, екіншісі бір сәтте үш адамның суретін қатар, салып, көпшілікті таңғалдырды. Сонымен қатар, олардың ішінде бір аяғынан айырылса да, тағдырдың сынағына мойымай, мың бұрала би билеп, елдің ықыласына бөленген бойжеткен де бар.

Гүлмайдан есімді сылақшы қыз – құрылыста жұмыс істеп жүріп, жұлдызы жанған әнші. Оның желіде қазақ және шет тілдерде орындаған әндері көпшілікті таңғалдырды. TikTok және Instagram желілерінде қаралым саны бірден артып, бірқатар телебағдарламаға шақырту да алды. Сондай-ақ, талантты қыздың талабын байқаған әнші Сәкен Майғазиев оған Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында аяқсыз қалған оқуын қайта жалғастыруға мүмкіндік берді.

Желі арқылы «Қойшы бала»



деп танылып, үлкен сахнаға аяқ басқан өнерпаздың аты – Айдос Кәден. Ол бір күннің ішінде TikTok желісінде 17 млн. қаралым жинап, жұлдызға айналды. Айдос Кәден – Алматы облысы, Кеген ауданы Бөлексаз ауылында туып-өскен. Қазіргі таңда «Қойшы бала» – әнші Жігер Ауыпбаевтың шәкірті.

Қазақтың Маюриі – биші қыз Аружан Рашид. Ол тойда бір аяқпен мың бұрала би билеп, көпшіліктің көшеметіне бөленді. Бір аяғы жоқ болса да, рухын түсірмей, батыл қадамға барғанын көпшілік ерлік деп бағалады. Олар Аружанға «қазақтың маюриі» деп те ат қойды. Оның жасы 17-де. Ол дүниеге келген кезде бір аяғы екінші аяғынан 5 см.-ге қысқа болған. Бойжеткенге бүгінге дейін 7 рет ота жасалған. Соңғы отада дәрігерлер бір аяғын кесуге мәжбүр болған.

TikTok желісінде көпшілікті таңғалдырған қыз – Әсел Сабыржанқызы. Ол бір мезетте үш адамның суретін қатар салады. Төрт жасынан сурет салып бастаған қыз алдағы уақытта төрт адамның суретін қатар салуға ниетті. Қазіргі таңда Әселдің портреттері жастар арасында кеңінен танымал. Ол Бауыржан Момышұлы, Батырхан Шүкенов, Геннадий Головкин сынды ел мақтаныштарының суретін салған.

ЭКОСӘБИ

52 жасында егізді болды

Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында 52 жастағы әйел егіз босанды. Жүктілігінің 31-аптасында қан қысымы жоғарылап кеткен әйелге орталық дәрігерлері ауыр преэклампсия, жатыр тыртығы диагнозын қойған. Науқаста 2007 жылы да ауыр преэклампсия болған екен. Айта кетерлігі, әйел егіздерді ЭКО арқылы көтерген.

– Ультрадыбыстық зерттеу кезінде екінші ұрықта жүрек ақауы анықталды. Сол себепті, әйел шұғыл операцияға алынды. Преэклампсия анаға да, ұрыққа да қауіп төндірді мүмкін еді. Сондықтан кесарь тілігі арқылы босанды. Нәтижесінде салмағы 1,644 грамм және 990 грамм екі ұл бала дүниеге келді. Нәрестелер шала туғандықтан жансақтау бөліміне ауыстыры-



лып, арнайы инкубаторда 10 күн жатты. Отадан кейін аналарының да жағдайы ауыр болды, ол да бірнеше күн жансақтау бөлімінде жатты. 5 күннен кейін жаңа босанған әйел бөлімге ауыстырылды, содан кейін балаларын әкелдік, – дейді дәрігер Балзия Әбілмәжінова.

– Автобустан түсіп келе жатып құлап қалдым, үйге келгенде бүкіл денем ісіп кетті. Жағдайым күрт нашарлады, ішім ауырды, қан қы-

сымым көтеріліп, басым айналды. «Жедел жәрдем» шақырдым, олар мені Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына алып келді. Барлық тексеруден кейін маған бірден ота жасалды. Ояңсам, балаларымының жансақтау бөлімінде жатқанын айтты. Әрине, мен олар үшін қатты уайымдадым, өйткені, олардың біреуі өте әлсіз болды. Бірақ осы орталықтың реаниматологтары, неонатологтары және басқа да мамандарының кәсібилігінің арқасында балаларым тез сауығып кетті. 10 күннен кейін жансақтау бөлімінен шықты. Қазір балалар салмақ қосып үлгерді, біреуі қазірдің өзінде 2 келіден, екіншісі 1600 грамнан асады. Реаниматологтарға, неонатологтарға және барлық медициналық қызметкерлерге ерекше рахмет айтамын, – деп егіздердің анасы дәрігерлерге алғысын білдірді.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ: ЕКПЕ АЛ!

ВАКЦИНАДАН КЕЙІН
ИММУНИТЕТ
ҚАШАН
ҚАЛЫПТАСАДЫ?

АЛҒАШҚЫ ИММУНДЫҚ ЖАУАП
БІРІНШІ ДОЗА ЕГІЛГЕННЕН КЕЙІН
12-14 КҮННЕН СОҢ ҚАЛЫПТАСА БАСТАЙДЫ

ТҰРАҚТЫ ИММУНИТЕТ
ЕКІ ДОЗАМЕН ДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН
ЖАҒДАЙДА 1-1,5 АЙДАН
КЕЙІН ҚАЛЫПТАСАДЫ

АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛЕТІН БҮКІЛ
КЕЗЕҢ ІШІНДЕ БАРЛЫҚ САҚТЫҚ
ШАРАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ
– БЕТТЕР ДЕ ТАҒЫП, ӘЛЕУМЕТТІК
ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАҢЫЗ

ҰЖЫМДЫҚ
ИММУНИТЕТ

Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін
еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек
тұрғындар кемінде 60 пайызды құрауы тиіс



Вакцинациядан кейін
қалыптасқан иммунитет кемінде
1 жыл сақталады, ал коронавирустан
жазылып шыққаннан кейін антиденелер
орташа есеппен 6 ай сақталады

